



БҰЙРЫҚ

27 Ақпан 2017ж

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ *38*

город Астана

**Қазақстан Республикасында тілдерді
дамыту мен қолданудың
2011-2020 жылдарға арналған
мемлекеттік бағдарламасын денсаулық сақтау жүйесінде
іске асыру жөніндегі 2017-2019 жылдарға арналған
іс-шаралар жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы № 110 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 27 қаңтардағы № 23 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2017-2019 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын денсаулық сақтау жүйесінде іске асыру жөніндегі 2017-2019 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) Фармация, Медициналық қызметке ақы төлеу, Қоғамдық денсаулық сақтау комитеттері және олардың аумақтық бөлімшелері, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының денсаулық сақтау басқармалары (келісім бойынша), Министрліктің ведомстволық бағыныстағы ұйымдары:

1) Жоспарда көрсетілген іс-шараларды іске асыруды және уақтылы орындалуын;

2) Министрліктің Әкімшілік департаментіне 2017-2019 жылдардың 20 желтоқсанынан кешіктірмей Жоспардың орындалуы туралы ақпаратты ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Министрліктің Әкімшілік департаменті Жоспарда көрсетілген іс-шаралардың орындалуына мониторинг жүргізсін және жиынтық ақпаратты жыл сайын Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігіне жіберсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Министрліктің жауапты хатшысы Б.Т. Төкежановқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі



Е. Біртанов



БҮЙРЫҚ

27 февраль 2017
Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ *38*

город Астана

**О плане мероприятий на 2017-2019 годы
по реализации Государственной программы
развития и функционирования языков
в Республике Казахстан на 2011-2020 годы
в системе здравоохранения**

В целях реализации Государственной программы развития и функционирования языков в Республике Казахстан на 2011-2020 годы, утвержденной Указом Президента Республики Казахстан от 29 июня 2011 года № 110, а также Плана мероприятий на 2017-2019 годы по реализации Государственной программы развития и функционирования языков в Республике Казахстан на 2011-2020 годы, утвержденного постановлением Правительства Республики Казахстан от 27 января 2017 года № 23, **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить прилагаемый План мероприятий на 2017-2019 годы по реализации Государственной программы развития и функционирования языков в Республике Казахстан на 2011-2020 годы в системе здравоохранения (далее – План).

2. Комитетам фармации, оплаты медицинских услуг, охраны общественного здоровья Министерства здравоохранения Республики Казахстан (далее – Министерство) и их территориальным подразделениям, Управлениям здравоохранения областей, г.г. Астана и Алматы (по согласованию), подведомственным организациям Министерства обеспечить:

1) реализацию и своевременное исполнение мероприятий, указанных в Плане;

2) представление в Административный департамент Министерства не позднее 20 декабря 2017-2019 годы информации об исполнении Плана.

3. Административному департаменту Министерства проводить мониторинг исполнения мероприятий указанных в Плане, и ежегодно направлять сводную информацию в Министерство культуры и спорта Республики Казахстан.

4. Контроль за исполнением настоящего приказа возложить на ответственного секретаря Министерства Токежанова Б.Т.

5. Настоящий приказ вступает в силу со дня подписания.

**Министр здравоохранения
Республики Казахстан**



A handwritten signature in blue ink, appearing to be "E. Birtanov", is written over the right side of the official seal.

Е. Биртанов

Қазақстан Республикасы
 Денсаулық сақтау министрінің
 2017 жылғы « ____ » _____
 № ____ бұйрығымен
 бекітілген

**Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың
 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын денсаулық
 сақтау жүйесінде іске асыру жөніндегі 2017 – 2019 жылдарға арналған іс-
 шаралар жоспары**

№	Іс-шаралар	Аяқтау нысаны	Орындауға жауаптылар	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5
1.	Денсаулық сақтау жүйесінде істейтін мемлекеттік қызметшілер мен қызметкерлерге мемлекеттік және ағылшын тілдерін үйрету курстарын ұйымдастыру және өткізу	тіл курстары	ДСМ ӘД, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Фармация, Медициналық қызметке ақы төлеу, Қоғамдық денсаулық сақтау комитеттері және олардың аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – ведомстволар мен олардың аумақтық бөлімшелері) облыстардың және Астана, Алматы қалаларының басқармалары	жыл сайын

			(бұдан әрі – Басқарма) (келісім бойынша), ведомстволық бағыныстағы ұйымдар	
2.	Зандардың, қаулылардың, бұйрықтардың, меморандумдардың, келісімдердің, хаттардың және басқа да нормативтік құқықтық құжаттардың жобаларын мемлекеттік тілде сапалы редакциялауды қамтамасыз ету	мониторинг	ДСМ ӘД	тоқсан сайын
3.	Қазақстан Республикасы халқының тілдері күніне арналған іс-шара өткізу	конференциялар, дөңгелек үстелдер, конкурстар	ДСМ ӘД, ведомстволар мен олардың аумақтық бөлімшелері, Басқарма (келісім бойынша) ведомстволық бағыныстағы ұйымдар	2017-2019 жылдар қыркүйек
4.	«Педиатриялық терминдерді біріздендіру» республикалық терминологиялық конференция	хаттамалық шешім	Министрліктің салалық терминологиялық комиссиясы, М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік медицина	2017 жылғы 4-5 қазан

			университеті (келісім бойынша)	
5.	«Халықаралық деңгейде бекітілген латын-грек терминдерінің мемлекеттік тілде қолданылатын медициналық глосарийлерін оңтайландыру»	республикалық терминологиялық конференция	Министрліктің салалық терминологиялық комиссиясы, Қарағанды мемлекеттік медицина университеті (келісім бойынша)	2018 жылғы ақпан
6.	«Терминдерді біріздендіру мәселелері» республикалық терминологиялық конференция	хаттамалық шешім	Министрліктің салалық терминологиялық комиссиясы, Семей қаласының мемлекеттік медицина университеті (келісім бойынша)	2018 жылғы 27 қыркүйек
7.	«Медициналық білім беру – мемлекеттік тіл аясында» республикалық терминологиялық конференция	хаттамалық шешім	Министрліктің салалық терминологиялық комиссиясы, Астана медицина университеті (келісім бойынша)	2019 жыл
8.	«Салалық терминдерді қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» ғылыми-	ғылыми-әдістемелік конференция	Министрліктің салалық терминологиялық комиссиясы,	2019 жылғы қараша

	әдістемелік конференция		С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ (келісім бойынша)	
9.	Денсаулық сақтау органдары мен ведомстволық бағыныстағы ұйымдарда мемлекеттік тілді дамытудың және қызметкерлерге мемлекеттік тілді үйретудің жай-күйін зерделеу және талдау	жауапты хатшыға ақпарат	ДСМ ӘД	2017-2019 жылдар тоқсан сайын
10.	Министрліктің мемлекеттік тілдегі шығыс және кіріс құжаттарының мониторингі	МСМ-ге ақпарат	ДСМ ӘД	тоқсан сайын
11.	Басқармалардың, Комитеттердің аумақтық бөлімшелері мен ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың (келісім бойынша) мемлекеттік тілді дамыту мәселелерімен айналысатын мамандарын тағылымдамадан өткізу	ДСМ-де тағылымдама	ДСМ ӘД, ведомстволар мен олардың аумақтық бөлімшелері, Басқарма (келісім бойынша), ведомстволық бағыныстағы ұйымдар	2017-2019 жылдар
12.	Мемлекеттік қызметшілер және мемлекеттік қызметтер көрсететін ұйымдардың қызметкерлері үшін «ҚАЗТЕСТ» қазақ тілін	диагностикалық тест	ДСМ ӘД, ведомстволар мен оның аумақтық бөлімшелері, Басқарма (келісім бойынша),	2017-2019 жылдар

	меңгеру деңгейін бағалау жүйесі бойынша тестілеуді ұйымдастыру		ведомстволық бағыныстағы ұйымдар	
13.	«Мәңгілік ел: Қазақстанның кемел болашағы» атты ІІ республикалық конкурс»	республикалық конкурс	ДСМ ӘД, Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институты (келісім бойынша) Басқарма (келісім бойынша), ведомстволық бағыныстағы ұйымдар	2017 жылғы қыркүйек
14.	«ЖИТС қызметіндегі үштілділік»	өңірлік бейнеконференция	ДСМ ӘД, ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі республикалық орталық	2017-2018 жылдар
15.	Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының денсаулық сақтау жүйесінде іске асырылу барысы туралы мәселені ДСМ-нің алқасында қарау	ДСМ-нің алқа қаулысы	ДСМ ӘД	2019 жыл
16.	Электрондық үкімет шеңберінде электрондық қызмет көрсетудің	МСМ-ге ақпарат	ДСМ ӘД, ведомстволар мен олардың	2017-2019 жылдар

	барлық деңгейінде қазақ тілінің қолданылуын кеңейту		аумақтық бөлімшелері	
17.	«Халықтарды біріктірген мемлекет»	өңірлік конференция	ДСМ ӘД, Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы және өңірлік қан орталықтары (келісім бойынша)	2017 жылғы қыркүйек
18.	«Экология. Радиация. Денсаулық «Радиациялық экология және радиациялық қауіпсіздік» (3 тілде өткізіледі)	конференция	ДСМ ӘД, Радиациялық медицина және экология ғылыми-зерттеу институты (келісім бойынша)	2017-2019 жылдар тамыз
19.	«Мемлекеттік тіл – менің тілім»	республикалық скайп-вебинар	ДСМ ӘД, Салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемалары ұлттық орталығы және оның өңірлік филиалдары (келісім бойынша)	2017-2019 жылдар қыркүйек
20.	«Тілдерді оқытудағы жаңа технологиялар»	өңірлік семинар	ДСМ ӘД, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика академиясы	2018 жылғы қазан

			(келісім бойынша)	
21.	Халықаралық іс-шараларда ресми құжаттарды даярлау кезінде мемлекеттік тілді жүйелі қолдануды қамтамасыз ету	МСМ-ге ақпарат	ХЫИД	2017-2019 жылдар
22.	«Әз-Наурыз мейрамын мерекелеу аясында «Бәріміз біргеміз – бұзылмас іргеміз»	конкурс	ДСМ ӘД, Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығы (келісім бойынша)	2017 жыл
23.	Министрліктің мемлекеттік қызметшілеріне қазақ тілінде құжаттарды әзірлеуге консультациялық және әдістемелік көмек көрсету	консультация	ДСМ ӘД	тұрақты

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

ДСМ ӘД - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Әкімшілік департаменті

МСМ – Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі

ХЫИД- Халықаралық ынтымақтастық және интеграция департаменті